

Көшелерді қайта атау туралы

Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 24 желтоқсандағы № 987 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Аягөз аудандық Әділет басқармасында 2018 жылғы 24 желтоқсанда № 5-6-190 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 1-тармағының 4) тармақшасын, 31-бабының 2-тармағын, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 12-бабының 5-1) тармағын, Шығыс Қазақстан облыстық ономастика комиссиясының 2018 жылғы 28 тамыздағы қорытындысына сәйкес және тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып, Аягөз аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ** және Аягөз ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Шығыс Қазақстан облысы, Аягөз ауданы, Аягөз қаласының төмендегі көшелері қайта аталсын:

"3-ші шақырым" көшесі – "Халық қаһарманы" Рақымжан Қошқарбаев" атындағы көшесіне;

"Полевая" көшесі – "Болашақ" көшесіне;

"Нефтебаза" көшесі – "Бірлік" көшесіне;

"Подстанция" көшесі – "Береке" көшесіне;

"Сибирский переулок" көшесі – "Бәйтерек" көшесіне;

2. Осы бірлескен шешім мен қаулы оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Сессия төрағасы

Мәслихат хатшысы

Б. Байахметов

А. Шакиров

С. Искаков